

gorenje


Электрондық тостер

T1000E

**Пайдалану жөніндегі
нұсқаулық**



4815199



Жалпы сипаттамасы

- A. Үгінділерге арналған түпқойма
- B. CANCEL батырмасы
- C. Тосттарды алып шығуға арналған иінтірек
- D. Жылыту батырмасы
- E. Жібіту батырмасы
- F. Қуыру дәрежесін реттегіш
- G. Қыздыруға арналған түпқойманың тұтқасы

Назар аударыңыз

Аспапты пайдаланбас бұрын осы нұсқаулықпен мұқият танысыңыз және оны әрі қарай анықтамалық материал ретінде пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

Қауіпті

Аспапты суға батыруға тыйым салынады. Тостерге өлшемі бойынша келмейтін өнімдерді және металл жұқалтырдағы өнімдерді салуға болмайды, өйткені ол тұтанудың немесе электр тогы соғуының себебіне айналуы мүмкін.

Ескерту

Аспапты қосар алдында аспаптың төменгі панелінде көрсетілген номиналды кернеу жергілікті электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Бұл аспапты 8 жастан асқан балалар; дене, сезім және ақыл-ой қабілеттері шектелген тұлғалар; құрылғымен жұмыс істеу тәжірибесі жоқ және оны қалай пайдалануды және онымен байланысты қауіптерді білмейтін тұлғалар тек қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін тұлғалардың бақылауымен және жетекшілігімен пайдалана алады.

Балалар аспаппен ойнамауын

қадағалаңыз.

8 жастан кіші балалармен тазалау және қызмет көрсету жүргізілмеуі тиіс, немесе ересектердің бақылауымен жүргізілуі тиіс.

Жұмыс істеп тұрған аспапты қараусыз қалдырмаңыз.

Жұмыс істеп тұрған аспапты перделердің немесе өзге

жеңіл тұтанатын материалдардың астында немесе жанында, сондай-ақ аспалы шкафтардың астында орналастырмаңыз, себебі ол өртенуге әкелуі мүмкін.

Құрылғы қосулы немесе әлі суымаған болса, тостерді қақпақпен (арнайы қақпақты қоспағанда) немесе басқа бір нәрсемен жаппаңыз, себебі ол оның зақымдалуына немесе тұтануына әкелуі мүмкін.

Тұтану қаупін жоққа шығару үшін түпқоймадан нан үгінділерін жиірек тазалаңыз. Түпқойманың дұрыс орнатылуын қадағалаңыз.

Жалын немесе түтін пайда болғанда аспапты дереу электр желісі розеткасынан ажыратыңыз. Баусымды ыстық беттердің жанына қоймаңыз.

Желілік баусымның зақымдалу жағдайында оны ауыстыру қажет.

Аспаптың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін баусымды Gorenje сауда ұйымында, Gorenje авторландырылған сервистік орталығында немесе біліктілігі ұқсас мамандары бар сервистік орталықта ауыстырыңыз.

Осы аспап тек нанды қуыруға арналған. Басқа ешқандай өнімдерді тостерге салмаңыз. Ол қауіпті салдарға әкелуі мүмкін.

Назар аударыңыз

Баусымның үстел шетінен немесе аспапты орнату орнынан салақтап тұруына жол бермеңіз.

Қосулы аспаптың қатты қызып тұрған металл бөліктерін ұстамаңыз.

Тек батырмаларды және басқару тұтқасын ұстауға болады. Тостерді ыстық бетке қоюға тыйым салынады.

Аспапты тек жерге тұйықталған розеткаға қосыңыз.

Жұмысы аяқталғаннан кейін аспапты электр желісі розеткасынан ажыратыңыз.

Тостер тек жабық үй-жайларда үй-тұрмыстық пайдалану үшін арналған. Ол коммерциялық немесе өнеркәсіптік пайдалану үшін арналмаған. Егер нан тілімі тостердің ішінде кептеліп қалса, аспапты электр желісінен ажыратып, оның суығанын күтіңіз, осыдан кейін нанды тостерден алып шығыңыз. Нанды тостерден алып шығу үшін пышақтарды немесе басқа өткір заттарды қолдануға болмайды, себебі олармен қыздырғыш элементтерді зақымдап алуға болады. Қыздырғыш түпқойма тек рогаликтерді немесе круассандарды жылыту үшін арналған. Аспапты қауіпсіз пайдалану үшін түпқоймаға басқа өнімдерді салмаңыз.

Бұл жабдық электр және электрондық жабдықтардың қалдықтары туралы 2012/19/EU еуропалық директивасына (waste electrical and electronic equipment - WEEE) сәйкес маркаланған. Бұл директива электр және электрондық жабдықтардың қалдықтарын жинау және жою бойынша барлық ЕО елдерінде қолданылатын талаптарды белгілейді.

Алғашқы қолданар алдында

Тостерден барлық жапсырмаларды шешіп, оны ылғалды матамен тазалаңыз.

Аспапты алғашқы қолданар алдында аспапқа нан тілімдерін салмай және максималды қуыру дәрежесін орнатып, жақсы желдетілетін үй-жайда бірнеше жұмыс циклін орындау ұсынылады. Ол аспапты сақтау кезінде жиналып қалуы мүмкін шаңды жағып жіберуге мүмкіндік береді және нанды қуырған кезде жағымсыз иістің пайда болуын жоққа шығарады.

Аспапты пайдалану

1. Тостерді перделерден және өзге тұтанатын материалдардан жеткілікті қашықтықта орнықты тегіс бетке орнатыңыз. Желілік баусымның ашасын электр желісінің розеткасына салыңыз.
2. Баусымды аспаптың негізіне орап, оның ұзындығын реттеуге болады.

Нанды қуыру

Аспаптықосулы түрінде қараусыз қалдырмаңыз.

1. Тостерге бір немесе екі нан тілімін салыңыз.
2. Қуыру дәрежесін реттегішті қажетті қалпына орнатыңыз. Жеңіл қызаруы үшін қуырылудың төменгі дәрежесін (1 - 2) және қатты қызаруы үшін жоғарғы дәрежесін (5-7) таңдаңыз.
3. Құрылғыны қосу үшін тосттарды алып шығуға арналған иіңтірекке басыңыз. Тосттарды алып шығуға арналған иіңтірек құрылғы электр желісіне қосулы болғанда ғана төменгі қалпында қалады. CANCEL батырмасының көмескі жарығы

- жанады. Тостердің жұмыс істеуі кезінде металл бөліктері қатты қызады. Оларды ұстамаңыз.
4. Қуыруды аяқтау кезінде тосттар босатылады, ал тостер өшіріледі. Тостер автоматты түрде өшіріледі. Кез келген уақытта CANCEL батырмасын басып, тостерді өзіңіз өшіруге және одан нанды алып шығуға болады. Тостерден кішкене кесектерді алып шығу үшін тосттарды алып шығуға арналған иінтіректі тағы да аздап көтеруге болады. Егер нан тостердің ішінде кептеліп қалса, аспапты электр желісінен өшіріп, оның толық суығанын күтіңіз. Осыдан кейін нанды тостерден ақырын алып шығыңыз. Нанды тостерден алып шығу кезінде пышақтарды немесе басқа өткір заттарды қолдануға болмайды, сондай-ақ тостердің ішіндегі металл бөліктерге қол тигізуге болмайды.

Мұздатылған нанды қуыру

Ескертпе. Мұздатылған наннан жасалған тосттар жібітілгеннен гөрі ұзағырақ дайындалады.

1. Тостерге бір немесе екі мұздатылған нан тілімін салыңыз.
2. Мұздатылған нанды қуыру Тосттарды алып шығуға арналған иінтіректі басыңыз, осыдан кейін Ы жібіту батырмасына басыңыз. CANCEL батырмасының көмескі жарығы жанады.
3. Қуыруды аяқтау кезінде тосттар босатылады, ал тостер өшіріледі.

Қуырылған нанды жылыту

1. Тостерге бір немесе екі қуырылған нан тілімін салыңыз.
2. Қуырылған нанды жылыту Тосттарды алып шығуға арналған иінтіректі басыңыз, осыдан кейін жылыту батырмасын басыңыз. CANCEL батырмасының көмескі жарығы жанады.
3. Қуыруды аяқтау кезінде тосттар босатылады, ал тостер өшіріледі.

Рогаликтер мен Круассандарды жылыту

1. Жылытатын түпқойманы ашу үшін тиісті иінтірекке басыңыз. Тостердің зақымдалуына және қауіпті жағдайлардың туындауына жол бермеу үшін жылытылатын рогаликтерді алдын ала жылытатын түпқоймаға қоймай тұрып, тікелей тостердің жоғарғы бетіне қоймаңыз.
2. Рогаликтерді немесе круассандарды жылытатын түпқоймаға қойыңыз. Бір мезгілде екі өнімнен артық жылытпаңыз.
3. Рогаликтер мен круассандарды жылыту Тосттарды алып шығуға арналған иінтіректі басыңыз, осыдан кейін о жылыту батырмасын басыңыз. Батырманың көмескі жарығы жанады.

Рогаликтерді немесе круассандарды екі жағынан жылыту үшін тостерді өшіргеннен

кейін оларды аударыңыз. Тостерді қайта қосу үшін тосттарды алып шығуға арналған иінтіректі басып, о жылыту батырмасын қайта басыңыз. Әр жаңа жылыту алдында тосттарды алып шығуға арналған иінтіректі төмен түсіріп, жылытуды қосу батырмасын қайта басу керек.

Тазалау

1. Аспапты электр желісінен өшіріңіз.
2. Тостердің суығанын күтіңіз.
3. Аспапты ылғалды матамен сүртіңіз. Аспапты тазалау үшін абразивті жабыны бар губкаларды, абразивті тазалағыш заттарды немесе бензин немесе ацетон тәрізді еріткіштерді пайдалануға тыйым салынады. Аспапты суға батыруға тыйым салынады.
4. Нан үгінділерін тазалау үшін тостерден үгінділерге арналған түпқойманы суырып алып, үгінділерді қағыңыз. Нан үгінділерін тазалау үшін аспапты төңкеріп, шайқауға болмайды.

Қоршаған ортаны қорғау

Бұйымды тұрмыстық қалдықтар ретінде кәдеге жаратуға болмайды. Оны кейіннен кәдеге жарату үшін электрондық және электр жабдықтарын қабылдаудың тиісті орнына тапсыру керек. Бұйымның кәдеге жаратылу ережелерін сақтай отырып, сіз қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірілуінің алдын ала аласыз.

Кепілдік және қызмет көрсету

Қосымша ақпарат алу үшін немесе проблемалар туындаған жағдайда еліңіздегі Сатып алушыларға қолдау көрсету орталығына жүгініңіз (орталықтың телефон нөмірі кепілдік талонында көрсетілген). Егер еліңізде мұндай орталық болмаса, жергілікті Gorenje сауда ұйымына немесе Gorenje Domestic Appliances компаниясының сатып алушыларға қолдау көрсету бөліміне жүгініңіз. Авторландырылған сервистік орталықтардың мекенжайлары мен телефондары «Кепілдік міндеттемелер» брошюрасында немесе кепілдік талонында келтірілген.

Тек үй-тұрмыстық пайдалану үшін. Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы!

The logo consists of the letters 'EAC' in a bold, stylized, sans-serif font. The letters are black and have a slightly irregular, hand-drawn appearance.

Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы!

GORENJE

**АСПАПТЫ ПАЙДАЛАНУ СІЗГЕ
ЛӘЗЗАТ ӘКЕЛУІН ТІЛЕЙДІ!**